

«Келісінді»
Әйтеке би ауданының білім
бөлімінің басшысы
С.Б.Биртаева
«10» сәуірі 2024 ж

«Бекітілді»
Жамбыл ЖОББ мектебінің
директоры
Г.Ш.Бахманова
«10» сәуірі 2024 ж

Ақтөбе облысының білім басқармасы
«Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ
«Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2024 – 2025 оқу жылы оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары

Бағыты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

2024-2025 оқу жылына арналған

Жұмыстық оқу жоспары

Түсінік хат

«Жамбыл жалпы білім беретін мектебі» КММ – нің 2024-2025 оқу жылының оқу жоспары 2024 жылғы 28 тамыздағы № 1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде бекітілді. Оқу процесі санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, дәстүрлі форматта оқытылады.

«Жамбыл жалпы білім беретін мектебі» КММ мектепалды даярлық сыныбында – 7 оқушы бар. Оқу тілі – қазақ. 5 – күндік оқу жүйесімен оқытылады.

Мектепалды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны - ұзақтығы 30 минуттан төрт сабақтан аспайды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде айқындалған.

Тәрбиелеу және оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері 5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті: мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы ҚР Заңы 30 бап»).

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балалардың оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез – құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);

- мектепте оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру

- (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т.б);

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;

- баланың мектепке эмоционалды – оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

«Жамбыл жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

Мектепалды даярлық тобының 2024 -2025 оқу жылына арналған

жұмыстық оқу жоспары.

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі -Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік қалпыға міндетті стандартына;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен 3- қосымша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы «9 » қыркүйектегі № 394 бұйрығына (енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) 3- қосымша бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілі оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 (2022 жылғы 14 қазандағы № 422 өзгерістер енгізілген) бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырылады.

Мектептің мектепалды сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат